



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ
ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

А.БАЙТҰРСЫНОВ АТЫНДАҒЫ
ҚОСТАНАЙ Өңірлік университеті



ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІ МӘДЕНИЕТ БАСҚАРМАСЫНЫҢ "ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННИҢ ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСТЫҚ
МЕМОРИАЛДЫҚ МҰРАЖАЙЫ" КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ "КОСТАНАЙСКИЙ ОБЛАСТНОЙ МЕМОРИАЛЬНЫЙ
МУЗЕЙ ИБРАЯ АЛТЫНСАРИНА" УПРАВЛЕНИЯ КУЛЬТУРЫ АКИМАТА КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ

АЛТЫНСАРИН ОҚУЛАРЫ

«ИННОВАЦИЯ, БІЛІМ, ТӘЖІРІБЕ-БІЛІМ
БЕРУ ЖОЛЫНЫҢ ВЕКТОРЛАРЫ»
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ
КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

МАТЕРИАЛДАРЫ

І КІТАП

АЛТЫНСАРИНСКИЕ ЧТЕНИЯ

МАТЕРИАЛЫ

МЕЖДУНАРОДНОЙ
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ
КОНФЕРЕНЦИИ
«ИННОВАЦИИ, ЗНАНИЯ,
ОПЫТ – ВЕКТОРЫ
ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ТРЕКОВ»

І КНИГА



Қостанай, 2023

УДК 37.02
ББК 74.00
И 63

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ/ РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

Куанышбаев Сеитбек Бекенович, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Басқарма Төрағасы-Ректоры, география ғылымдарының докторы, Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының мүшесі;

Жарлыгасов Женис Бахытбекович, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Зерттеулер, инновация және цифрландыру жөніндегі проректоры, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор;

Скударева Галина Николаевна, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, Мәскеу облысындағы МОУ «Мемлекеттік гуманитарлық-технологиялық университеті» ректорының м.а.; Ресей Федерациясының жалпы білім беру ісінің құрметті қызметкері, Ресей;

Бережнова Елена Викторовна, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Мәскеу халықаралық мемлекеттік қатынастар институты, Ресей;

Ибраева Айман Елемановна, «Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасы» ММ жетекшісі;

Онищенко Елена Анатольевна, «Педагогикалық шеберлік орталығы» жекеменшік мекемесінің Қостанай қаласындағы филиалының директоры;

Демисенова Шнар Сапаровна, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының меңгерушісі;

Утегенова Бибикуль Мазановна, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының профессоры;

Смаглий Татьяна Ивановна, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің, педагогика ғылымдарының кандидаты; педагогика және психология кафедрасының қауым.профессоры;

Жетписбаева Айсылу Айратовна, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Ы.Алтынсарин атындағы әдістемелік кабинетінің меңгерушісі.

«Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары»: 2023 жылдың 17 ақпандағы Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. I Кітап. – Қостанай: А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2023. – 1081 б. = «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков»: Материалы международной научно-практической конференции, 17 февраля 2023 года. I Книга. – Костанай: Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, 2023. – 1081 с.

ISBN 978-601-356-244-5

Жинаққа «Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары» атты Алтынсарин оқулары халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары енгізілген.

Талқыланатын мәселелердің алуан түрлілігі мен кеңдігі мақала авторларына заманауи білім беруді жаңғырту мен дамытудың, осы үдерісте қазақ ағартушыларының педагогикалық мұрасын пайдаланудың жолдарын, мұғалімдерді даярлаудың тиімді технологиялары мен форматтарын әзірлеу мен енгізу мәселелерін, ақпараттық қоғамдағы білім беру кеңістігінің ерекшеліктерін айқындауға, сондай-ақ педагогтердің инновациялық қызметінің тәжірибесін жинақтауға, педагогикалық үдеріс субъектілерін психологиялық-педагогикалық қолдауға мүмкіндік берді.

Бұл жинақтың материалдары ғалымдарға, жоғары оқу орындары мен колледж оқытушыларына, мектеп мұғалімдері мен мектепке дейінгі тәрбиешілерге, педагог-психологтарға, магистранттар мен студенттерге қызықты болуы мүмкін.

В сборнике содержатся материалы Международной научно-практической конференции Алтынсаринские чтения «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков». Многообразие и широта обсуждаемых проблем позволили авторам статей определить векторы модернизации и развития современного образования, использования в данном процессе педагогического наследия казахских просветителей, вопросов разработки и внедрения эффективных технологий и форматов подготовки учителей, специфики образовательного пространства в информационном обществе, а также обобщения опыта инновационной деятельности педагогов, психолого-педагогической поддержки субъектов педагогического процесса.

Материалы данного сборника могут быть интересны ученым, преподавателям вузов и колледжей, учителям школ и воспитателям дошкольных учреждений, педагогам-психологам, магистрантам и студентам.

ISBN 978-601-356-244-5



9 786013 562445

УДК 37.02
ББК 74.00

© А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2023
© Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, 2023

және нәтиже алуға мүмкіндік беретін компьютерлік бағдарламалар. Ғылыми–техникалық прогреске ілесу үшін мұғалімдерге прогрессивті педагогикалық технологияларды меңгеру қажет.

Бағалау Microsoft Excel таблицыда «Google Jamboard». Әр топ басшысы оқушыларды бағалады. Әр оқушыәр тапсырмада алғанұпай сандарынкөріп отырды.

Сервис арнайы интерактивті тақтада жұмыс істеу үшін арнайы жасалған, сонымен қатар қарапайым компьютерлер мен смартфондарда жұмыс істейді.

Google Jamboard ерекшеліктері:

- нақты уақыттағы ынтымақтастықты бақылау және бағалау;
- өңді тапсырыс бойынша кескінге өзгерту;
- Графикалық планшетті қолдау;
- PNG форматындағы слайдты сақтау;
- Жобаны PDF форматына экспорттау.

Бұл жұмыста оқу процесінде цифрлық білім беру ресурстарын пайдалану нұсқаларының аз ғана бөлігі талданды, ол іс жүзінде қолданылды және оң жағынан өз нәтижелерін көрсетті. Оқу процесіндесандық білім беру ресурсын қолдану мысалдарыұстаздар үшін пайдалы болады. Оқу жағдайларын педагогикалық іздеу және модельдеу үшін көптеген мүмкіндіктер бар, ең бастысы, олардың барлығы дәстүрлі сабақ схемасымен оңай біріктіріледі.

Қорытындылай келе, біздің ойымызша, сипатталғанқолдану әдістерді орындау барысында оқу үрдісіне кіргізіп сандық білім ресурстарды толыққанды енгізуі оқытудың дәстүрлі әдістерін жаңа ақпаратты технологияларының әдістерімен қатар пайдалануға және толықтыруға, пән бойынша оқыту сапасын объективті бағалауға мүмкіндік береді. Жаратылыстану–математикалық бағыттағы пәндерге сандық білім ресурстарын қолдану оқыту сапасын тиімді түрде арттыруға мүмкіндік береді.

Әдебиеттер тізімі:

1. «Білім беру саласындағы сандық ресурстар» (infourok.ru)
1. Осин А.В. Электронные образовательные ресурсы нового поколения в вопросах и ответах [Текст] / А.В.Осин. М.: Агентство «Социальный проект», 2007. 32 с.
2. Chemistry: Дәріс (срп.kz)
3. Методические рекомендации по использованию ЦОР в своей педагогической деятельности. Кунгурский Центр информационных технологий. 2006 г.

ӘОЖ 378: 371. 3:54

ХИМИЯНЫ ОҚЫТУДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДА МУЛЬТИМЕДИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ

*Жұмахан Аида Мұратханқызы
Майлыбай Ақерке Абылайқызы
6B01562 – химия–биология білім
беру бағдарламасының 4 курс студентері
Алтынбекова Минаш Оразбай қызы
химия ғылымдарының кандидаты, ЖАК доценті
Түркістан қаласы, Қазақстан
E–mail: minash.altynbekova@ayu.edu.kz*

Аңдатпа

Әзектілік және мақсаты: Химия сабағында оқушының құзыреттілігін қалыптастыруда мульти–медиялық технологияларды тиімді пайдалана отырып, оқушылардың шығармашылық қабілеттерін, білім сапасын арттыруға мүмкіндік береді. Зерттеудің мақсаты жаратылыстану–математикалық цикл бойынша химия сабақтарында жаңа ұғымдарды оқытудың вариативті проблемасы жағдайында мультимедиялық технологиялардың тиімділігін теориялық және экспериментальдық түрде зерттеу. Мультимедиялық технологияларды қолдана отырып, химия пәні сабақтарында оқу–танымдық іс – әрекетінің тиімділігін арттыру құралы ретінде оқу проблемасының өзгерту арқылы мультимедиялық технологиялардың қолдану деңгейін жақсарту. Зерттеу барысында оқушылардың жас ерекшеліктеріне қарай педагогикалық, психологиялық дидактикалық талаптарға сай тапсырмалар жүйесін құрастыру оқушылардың танымдық белсенділігін арттыруға ықпал етеді. Мұғалім химия саласында оқушылардың дарындылығын дамыту үшін шығармашылық орта құруда педагогикалық құзыреттілігін және дайындық деңгейін көтеру және қолдау арқылы химиялық құзыреттіліктің дамуынаықпал етеді. Осымақсатта әртүрлі әдістерді қолдану арқылы дидактикалық тапсырмаларды кезең–кезеңімен шешуге мүмкіндік беретін оқушылардың оқу жетістіктеріне арналған мультимедиялық технологиялар қолданылды. Мектепте мультимедиялық технологиялардың сапалы білімге қол жетімділікті қамтамасыз етудегіалшақты жоюдың және оқушылардың үлгерімін

арттырудың нақты стратегиясы екенін зерттеу мақсатында оқыту және оқу процестерінде қолданылатын әртүрлі мультимедиялық құралдарға жүйелі талдау жасалынды.

Түйінді сөздер: мультимедиа, технология, педагогикалық құзыреттілік, анимация, стратегия, эксперимент, талдау.

Аннотация

Актуальность и цель: эффективное использование мультимедийных технологий в формировании компетенций учащихся на уроках химии позволяет повысить творческие способности учащихся и качество знаний. Целью исследования является теоретическое и экспериментальное исследование эффективности мультимедийных технологий в условиях вариативной проблемы обучения новым понятиям на уроках химии по естественно–математическому циклу. Повышение уровня использования мультимедийных технологий путем изменения проблемы обучения как средства повышения эффективности учебно–познавательной деятельности на уроках химии с применением мультимедийных технологий. В ходе исследования разработка системы заданий, отвечающих возрастным педагогическим, психологическим дидактическим требованиям учащихся, способствует повышению познавательной активности учащихся. Учитель способствует развитию химической компетентности путем повышения и поддержки педагогической компетентности и уровня подготовки в создании творческой среды для развития талантов учащихся в области химии. С этой целью применялись мультимедийные технологии для учебных достижений учащихся, позволяющие поэтапно решать дидактические задачи с использованием различных методов. В школе проведен систематический анализ различных мультимедийных средств, используемых в процессах обучения, с целью изучения того, являются ли мультимедийные технологии реальной стратегией устранения пробелов в обеспечении доступа к качественному образованию и повышения успеваемости учащихся.

Ключевые слова: мультимедиа, технология, педагогическая компетентность, анимация, стратегия, эксперимент, анализ.

Abstract

Relevance and goal: The effective use of multimedia technologies in the formation of student's competencies in chemistry lessons allows to increase the creative abilities of students, the quality of knowledge. The aim of the study is a theoretical and experimental study of the effectiveness of multimedia technologies in the conditions of a variable problem of teaching new concepts in chemistry lessons on the natural–mathematical cycle. Increasing the level of use of multimedia technologies by changing the problem of learning as a means of increasing the effectiveness of educational and cognitive activity in chemistry lessons using multimedia technologies. In the course of the study, the development of a system of tasks that meet the age–related pedagogical, psychological and didactic requirements of students contributes to the increase of cognitive activity of students. The teacher promotes the development of chemical competence by increasing and supporting pedagogical competence and the level of training in creating a creative environment for the development of student's talents in the field of chemistry. To this end, multimedia technologies were used for the educational achievements of students, allowing them to solve didactic tasks step by step using various methods. The school conducted a systematic analysis of various multimedia tools used in the teaching and learning processes in order to study whether multimedia technologies are a real strategy for eliminating gaps in providing access to quality education and improving student academic performance.

Key words: multimedia, technology, pedagogical competence, animation, strategy, experiment, analysis.

Кіріспе.

Мультимедиялық технологиясымен білім алушыға білім беру шығармашылық ойлау мен жаңашыл іс–әрекеттегі саналықты дамытып жетілдіруге, зерттеушілік жағынан тиімділігін арттырып, жаңа технологияларды дамытып, бейімділігін, қызығушылығын арттырады. Сабақтың тақырыбын игеру сабақты тиімді өту және өзіндік тапсырмаларды орындауда жаңа технологияларды қолдану оқушылардың дайындығына әсер етеді. Инновациялық технологиялар оқушының жетістікке жетуіне жағдай жасайды. Мультимедиа технологиясын химия пәнін оқытуда қолданудың маңызы зор.

Химиялық құзыреттілік – білім беру құзыреттілігінің ажырамас бөлігі. Химия пәнін оқытуда қоршаған ортаның қалыпты, табиғи жұмыс жасауы үшін де қауіпсіз заттармен, материалдармен және химиялық процестермен сауатты жұмыс жасауды үйретеді. Сол себептен химияны оқыту кезінде ехимиялық құзыреттіліктің дамуына үлкен мән беру арқылы мектеп оқушыларына химия пәні туралы білімді тереңдету арқылы ақпараттық – коммуникациялық технологиялық компоненттерді қамтиды [1].

Мультимедиялық сабақтар келесі дидактикалық мәселелерді шешуге көмектеседі:


- Пән бойынша базалық білімді меңгеру, алған білімді жүйелеу, өзін–өзі бақылау дағдыларын қалыптастыру;
- Жаратылыстану–математикалық циклдің ішінде ерекше химия пәніне деген ынтасын арттыру;
- Оқушыларға оқу материалдарымен өздігінен жұмыс жасағанда әдістемелік көмек беру.

Мультимедиялық оқыту технологиясын қолдану барысында оқу материалын талдау және меңгеруді ұйымдастыру арқылы өзбен көру жадын іске қосқанда арта түсетін қабылдау мүмкіндіктерімен қамтамасыз ететін әдіс. Адамдардың көпшілігі естігеннің 5% және көргеннің 20% есте сақтайтыны белгілі. Аудио– және видео ақпаратты бір мезгілде қолдану есте сақтауды 40–50%–ға дейін арттырады. Мультимедиялық бағдарламалар ақпаратты әртүрлі формада ұсынады [2].


Қазіргі техникалық мүмкіндіктер оқытуға арналған мультимедиялық кешенді, бағдарламаларды білім берудің моделдеуші ортасын жасауға виртуалдық білім беру үшін қажеттіліктің бәрін жасауға мүмкіндік береді. Анимация мүмкіндіктері экран өнері ретінде қабілетті динамикалық көркем-бейнелі хронотоптарды жасау, толық көлемде пайдаланылады. Анимациялық сурет суретке негізделгендіктен, бұл анық көркем құбылыстармен жұмыс жасау кезінде анимацияның мүмкіндіктері көп. Зерттеу мәселесі–оқыту саласында анимациялық білім беру фильмдері салыстырмалы түрде жаңа құбылыс және олардың деректер санының аздығына байланысты пайдалану сирек кездеседі.

Химия пәнінде мультимедиа тәсілдерінен сабақ өтудің мақсаты білім алушылардың қызығушылығын арттырып, кез – келген әрекетке жауапкершілікпен шығармашылық деңгейге жеткізу. Модульдік оқыту технологиясының негізгі ерекшелігі – бұл білім алушылар, аұзтазбен бірлесе шығармашылық жұмыспен шұғылдануға, ізденуге, өз жұмысының нәтижесін көріп, алған білімін тәжірибеде қолдануға үйренеді. Оқушыларға сабақ түсіндіру барысында мысалыи ондық байланысты анимация түрінде (1,2– сурет)көрсетілді.


Сабақты түсіндіруде анимация түрінде қолданылған кестелер мен схемалар:



Сурет 1. Иондық байланыстың түзілу механизмі



Сурет 2. Натрий хлориді мен күміс нитратының әрекеттесуінің



Сурет 3. Магний хлоридінің диссоциациялануы

Металл катиондары мен қышқыл қалдығы аниондарына диссоциациялануы 3–суретте көрсетілген. Мұғалім жүйелілік, бірізділік және сабақтастықты сақтай отырып, пән аралық байланыс арқылы тақырып мазмұнын кіріктіреді.

Осыған орай ұстаз мақсатты болжайтын функцияны атқарады, ал компьютерлік бағдарлама оқу мазмұны мен оқыту алгоритімдерінің негізінде білім, білік және дағдыларды меңгеру процесін ұйымдастыруды өз бетінші таңдауға қабілетті.

Осы ұстаным бойынша мультимедиялық технологияларды оқыту процесінде тиімді пайдаланудың мынадай алғышарттарын анықтауға болады:

дидактикалық, психологиялық – педагогикалық, эрномикалық, техникалық.

1) Дидактикалық шарттар:

– сабақтың мазмұны мен формасына байланысты мультимедиялық технологияларды мүмкіндіктеріне қарай алдын ала дайындаудың, кешендеудің перспективалы жоспарын жасау;
– оқу материалдарына әдістемелік талдау жасау, мультимедиялық технологияларда ұсынылатын оқу материалдары көрнекілік ұстанымына негізделген. Сондықтан оны оқытудың ажырамас бөлігі деп қарастыруымыз керек.

2) Мультимедиялық технологияларды тиімді пайдалану үшін оның психологиялық – педагогикалық шарттарын дұрыс пайдалану керек.

– оқу материалдарын тұлғаның қабылдау ерекшеліктерін ескеру;
– экрандық оқу материалдарының білім алушылардың эмоциясын қадағалау қажет;
– оқу материалдарын пайдалану барысында тұлғаның белсенділігін арттыруын бақылау керек;

3) Эргономикалық шарттар мынадай мәселелер қарастырылады;

– бөлмедегі ауаның физика – химиялық құрамының төмендеуі білім алушылардың сабаққа әсер етпеуі, сондықтан бөлме ауасын ауыстырып отыру;

– аудиовизуалдық оқу материалдарын белгілі уақыт көлемінде көрсету;

4) Мультимедиялық технологияның техникалық шарттары келесідей;

– мультимедиялық технологияларды ерекшелігіне қарай дәрісханада дұрыс орналастыру;

– сабақ өтілетін кабинетті үнемі салқындатып отыру, өйткені құралдарды қатты қызып кетуден сақтау.

– мультимедиялық құрылғыларды алдын – ала дайындап, техникалық ақаулықтарын үнемі қадағалап отыру.

– білім беру деңгейлері аралығында пән бойынша сабақтастығы ескеруге мүмкіндік беретін толық оқу курсы бойынша дидактикалық мақсат қою керек;

– бөлімдердің мазмұны мен ұсынылған тақырыптардың уақыт талабына сәйкес келуі, әлеуметтік дағдыларды қалыптастыруға назар аударылады.

– Оқытудағы жүйелі–әрекеттік ұстаным (білім алушының білім алу үдерісіне белсенді қатысуы.

Мультимедия технологиясында оқушылар өз бетінше материалды іздеп, олнегізгі нысан ретінде қойылады. Компьютермен оқыту барысында білім алушының сипатын барынша тиімді жасауға жағдай жасалынады. Мультимедиятехнологиясы білім алушылардың сабақтан алған білімдерін іс жүзінде қолдануларына машықтандырады. Ақпараттық коммуникативтік технологияны практикаға енгізуде туындайтын мәселелерге салқын қандылықпен қарап оны шешу кезінде мектептегі ақпараттық жүйелердің мынадай негізгі элементтеріне әсер етеді:

– әдістемелік жабдықтау;

– мектеп ұжымы мен мұғалімдерді дайындауға;

– қолданбалы бағдарламалық жабдықтарға

– базалық бағдарламалық платформаға (WINDOWS операциялық жүйесі)

– ақпараттық кешенге (компьютерлер, жергілікті желі, интернетке қосылу).



Сурет 4. Экспериментке дейін және эксперименттен кейінгі сауалнама нәтижесі

Эксперименттік бөлімде қазіргі заман талабына сай педагогика ғылымының алдында тұрған міндеттерді ең қолайлы жинақы түрде шешу үшін алғы шарт жасайтын жаңа оқыту технологияларын тиімді пайдалану арқылы білім алушыны бір тұлға деп қарап, оны мұғалімді тең әріптестік қалыпта ұстап, білім алу арқылы дамуына танымдық қабілетін, шығармашылық ізденіспен тереңдетуге, сөздік қорын дамытуға, білім алушылардың сабаққа деген белсенділігін арттыруда педагогикалық іс–тәжірибелер арқылы көрсетілген.

Тақырыптарды меңгеру бойынша бақылау және экспериментальды сыныптардағы оқушылардың білім нәтижелерін салыстыру арқылы бақылау сыныбының оқушыларының экспериментальды сыныбының оқушыларының бағалармен салыстырғанда нәтижесінің неғұрлым төмен екендігіне көз жеткіздік. Экспериментке дейінгі суретке сәйкес бірінші сауалнама нәтижесі бойынша оқышулардың химия сабағына болған қызығушылығы төмен, өтілген тақырыптарды жақсы түсінбей, сабаққа немқұрайлы қарайтындығы және білім деңгейі пайыздық есеппен 100 пайыздың 66 пайызын ғана құраған еді. Ал, эксперименттен соң соңғы сауалнама нәтижесі бойынша оқушылардың эксперименттер бойынша өтілген химия сабақтарын жақсы түсінгендігі, химия сабағына болған қызығушылықтары айтарлықтай артып, білім көрсеткіштері 74 пайыздан 86 пайызға артып, сабақтағы белсенділігі артатындығы анықталды. Мультимедиялық оқыту технологиясын сызба сараптамасынан көріп отырғанымыздай мультимедиялық технология арқылы жүретін визуальды және аудио нәтиженің өзара әрекеті арқылы білім алушының танымдық, шығармашылық, қызығушылық қасиеттерін дамытады. Қазіргі заман талабына сай білім алушылардың сапалы да, саналы білім алуына ықпал етуші құрал ретінде анимация, видео материалдар пайдалану тиімді.

Мультимедиялық технологиямен сабақ өту барысында анимацияны қолданған сізге ұнамады ма? – деген сауалнаманың нәтижесінде ұнамды 90 пайыз ұнады, 5 пайыз ұнамады, 5 пайыз орташа деген жауаптар алынды. Сауалнамалардың нәтижесін талдай келе оқушыларға мынадай сауалнама қойылды: «Болашақта мультимедиялық технологияны тереңірек қолданып сабақ өтуді қолдайсыз ба?» – деген сауалнаманың нәтижесінде 92 пайыз қолдаймын, 8 пайыз қолдамаймын деген жауаптар алынды.

Жалпы білім алушылардың мультимедиялық технологияны пайдаланып, дәстүрлі емес оқыту формасын қолдану барысында жүргізілген зерттеу мынадай нәтижеге қол жеткізуге болады:

- оқушының пәнге деген қызығушылығы артады;
- шығармашылық қабілеттері дамиды;
- жылдам ойлауға машықтанады;
- оқушылар өз бетімен жұмыс жасауға дағдыланады;
- ақпараттық технологияларды қолдануды сауатты жүргізуде үйренеді;
- теориялық алған білімін практикада қолдануды үйренеді;
- оқушылар өз ойын нақты жеткізуге дағдыланады;

Мультимедиялық технологиясын игеруде өз бетімен ізденудің, зерттеудің әдістерін үйренеді және тура жолға бағыттайды. Мультимедиялық технология оқушының жеке тұлғасына көз қарасты өзгертеді.

Қорыта айтқанда, химия пәнін мультимедиялық оқыту технологиясын пайдалана отырып оқыту нәтижесінде оқыту сапасын арттыруға болады.

Әдебиеттер тізімі:

1. MarrioOllino, Jenny Aidoney, Ana M. Dominguez and Cristian Merino. A new multimedia application for teaching and learning chemical equilibrium. Chemistry Education Research and Practice
2. Celeste Ferreira, Monica Baptista, AgnaldoArroio. In– Service Training of Chemistry Teachers: The Use of Multimedia in Teaching Chemistry. Eurasia Journal of Mathematics, science Technology Education, 2013, 9(3), 301–310
3. Ardac , D.&Akaygun, S. (2004). Effectiveness of multimedia instruction that emphasizes molecular representations on student's understanding of chemical change. Journal of Research in Science Teaching, 41 (4), 317–337

УДК 371.3

ИННОВАЦИОННЫЕ ТЕХНОЛОГИИ В ПРОЦЕССЕ ОБУЧЕНИЯ: ТЕНДЕНЦИИ РАЗВИТИЯ

Жунусова Асемгуль Салменовна
директор школы, учитель русского языка
Губайдуллина Галия Акпаровна
заместитель директора по УР, учитель казахского языка и литературы
Турлыбаева Гульнара Кошкынбаевна
заместитель директора по ВР, учитель английского языка
КГУ «Сосновская средняя школа» отдела образования
Бескарагайского района управления образования области Абай
E–mail: asemsalmen@mail.ru

Аңдатпа

Қазіргі уақытта оқу үдерісінің тиімділігін арттыру мақсатында инновациялық білім беру техноло-
гияларын енгізу қажеттілігі артып келеді. Білім берудегі инновация – өзекті мәселелерді шешуге арналған оқу
процесін оңтайландыру, білім сапасын арттыру немесе материалды меңгеру үшін қолайлы жағдайларды